**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2025 жылға арналған жартыжылдық есебі**

Астана, 2025 жыл

# «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ

2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың жартыжылдық есебі

## Негізгі қаржылық және операциялық көрсеткіштер

2024 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 2025 жылдың[1] бірінші жартыжылдығындағы негізгі қаржылық көрсеткіштер:

Түсім 4 239 млрд теңгемен (9 440 млн АҚШ доллары) салыстырғанда 4 500 млрд теңгеге (8 789 млн АҚШ доллары) жетті;

EBITDA көрсеткіші 984 млрд теңгемен (2 190 млн АҚШ доллары) салыстырғанда 1 142 млрд теңгені (2 230 млн АҚШ доллары) құрады;

Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірісіндегі үлесті қоса алғанда, компанияның таза пайдасы 550 млрд теңгемен (1 224 млн АҚШ долларымен) салыстырғанда 534 млрд теңгені (1 044 млн АҚШ долларын) құрады

Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесіне түзетілген таза пайда[2] 591 млрд теңгемен (1 316 млн АҚШ долларымен) салыстырғанда 660 млрд теңгені (1 289 млн АҚШ доллары) құрады;

Бос ақша ағымы 604 млрд теңгемен (1 345 млн АҚШ долларымен) салыстырғанда, 682 млрд теңгені (1 331 млн АҚШ долларын) құрады;

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша жалпы қарыз 2024 жылғы 31 желтоқсандағы 3 967 млрд теңге (7 555 млн АҚШ доллары) мөлшеріндегі көрсеткішпен салыстырғанда, 3 892 млрд теңгені (7 490 млн АҚШ долларын) құрады;

2025 жылғы 30 маусымдағы Компанияның таза қарызы 2024 жылғы 31 желтоқсандағы 1 163 млрд теңге (2 214 млн АҚШ доллары) деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 803 млрд теңгені (1 546 млн АҚШ долларын) құрады.

| Көрсеткіштің атауы | Өлшем бірлігі | 6 Ай 2025 | 6 Ай 2024[3] | % |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай, Dated Brent[4] | $/барр. | 71,87 | 84,06 | -14,5% |
| Мұнай, KEBCO[4] | $/барр. | 72,83 | 84,40 | -13,7% |
| Орташа бағам | теңге/АҚШ доллары | 512,05 | 449,09 | 14,0% |
| Түсім | млрд теңге | 4 500 | 4 239 | 6,2% |
| Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес | млрд теңге | 349 | 268 | 30,0% |
| Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд | млрд теңге | 474 | 310 | 53,2% |

[1] Сомалар ыңғайлы болу үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбастау бағамы бойынша АҚШ долларымен көрсетілген (2025 және 2024 жылдардың бірінші жартыжылдығындағы орташа бағамдар АҚШ долларына шаққанда тиісінше 512,05 және 449,09 теңгені құрады; 2025 жылғы 30 маусымда және 2024 жылғы 31 желтоқсанда – кезең соңындағы бағамдар АҚШ долларына шаққанда тиісінше 519,64 және 525,11 теңгені құрады).

[2] Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесіне түзетілген таза пайда = Таза пайда + бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд, минус бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесін шегергендегі таза пайда.

[3] Қаржылық есепті ұсыну мақсатында күтілетін кредиттік шығындар жалпы және әкімшілік шығыстар құрамынан шығарылды.

[4] Дереккөз: S&P Global Platts

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Таза пайда | млрд теңге | 534 | 550 | -2,8% |
| Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы үлеске түзетілген таза пайда | млрд теңге | 660 | 591 | 11,7% |
| EBITDA[5] | млрд теңге | 1 142 | 984 | 16,1% |
| EBITDA түзетілген көрсеткіші[6] | млрд теңге | 1 267 | 1 025 | 23,7% |
| Күрделі шығындар (есептеу әдісі бойынша) | млрд теңге | 259 | 282 | -8,0% |
| Күрделі шығындар (кассалық әдіс бойынша) | млрд теңге | 262 | 270 | -2,7% |
| Бос ақша ағымы[7] | млрд теңге | 682 | 604 | 12,9% |
| Жалпы қарыз[8] | млрд теңге | 3 892 | 3 967[9] | -1,9% |
| Таза қарыз[10] | млрд теңге | 803 | 1 163[9] | -30,9% |

2024 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы негізгі өндірістік көрсеткіштер:[11]

- Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 8,8 % артып, 13 043 мың тоннаны құрады;
- Мұнай тасымалдау көлемі 0,3% төмендеп, 41 616 мың тоннаны құрады;
- Қазақстан және Румын мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 16,5% ұлғайып, 10 375 мың тоннаны құрады.

| | 6 Ай 2025 (ҚМГ үлесіне) | 6 Ай 2024 (ҚМГ үлесіне) | % |
|---|---|---|---|
| Өндіру: | | | |
| Мұнай мен конденсат, мың тонна | 13 043 | 11 989 | +8,8% |
| Газ, млн м³ | 5 726 | 4 840 | +18,3% |
| Тасымалдау, мың тонна | 41 616 | 41 733 | -0,3% |
| Өңдеу, мың тонна | 10 375 | 8 902 | +16,5% |

## Компания туралы

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы болып табылады. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтерді ұсынуға дейінгі барлық

[5] EBITDA = түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығындар минус тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар минус табыс салығынан басқа салықтар

[6] EBITDA түзетілген көрсеткіші = түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығыстар минус тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар минус табыс салығынан басқа салықтар.

[7] Бос ақша ағымы = негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау мен бағалау активтерін сатып алуды алып тастағанда, операциялық қызметтен түскен ақша ағымы. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд операциялық қызметтен түскен ақша ағымына енгізілген.

[8] Есепті кезеңнің соңындағы жалпы қарыз = облигациялар плюс қарыз (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке алынбаған.

[9] Жалпы қарыз және таза қарыз 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша көрсетілген.

[10] Таза қарыз: облигациялар плюс қарыздар минус ақша қаражаты және олардың баламалары, минус банктік салымдар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке алынбаған.

[11] Өндірістік көрсеткіштер ҚМГ-нің бірлескен және қауымдасқан компаниялардағы үлесіне сәйкес, сондай-ақ толықтай шоғырландырылатын еншілес ұйымдар үшін 100% деңгейінде (егер өзгеше көрсетілмесе) берілген. Көрсеткіштер мен есептеу нәтижелері дөңгелектеумен көрсетілген. Сонымен бірге кезеңдерді салыстыру кезінде дөңгелектеусіз нақты мәндер пайдаланылды. Компанияның пікірінше, дөңгелектеуге қатысты кез келген ықтимал түзетулер операциялық нәтижелерге елеулі әсерін тигізбеуі тиіс.

өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы құрылған Компания еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстанның мүддесін білдіреді.

2025 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша ҚМГ акционерлері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (Қор) (87,42%), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (9,58%), 3% еркін айналымда болып табылады.

Компания Қазақстанда мұнай өндіру, тасымалдау және өңдеу көлемі бойынша көшбасшылық орнын сақтап қалды.

ҚМГ өзінің қызметі табиғи ресурстарды пайдаланумен тікелей байланысты екенін сезіне отырып, осы ресурстарды ұтымды пайдалану және қолайлы қоршаған ортаны сақтау үшін қоғам алдындағы өзінің жауапкершілігін мойындайды.

**ҚМГ-нің негізгі активтері:**

- **Барлау және өндіру:** «Өзенмұнайгаз» АҚ (ОМГ) – 100%, «Ембімұнайгаз» АҚ (ЭМГ) – 100%, «Қазақтұрмұнайгаз» ЖШС (КТМ) – 100%, «Урихтау Оперейтинг» ЖШС (УО) – 100%, Дунга[12] – 60%, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (ММГ) – 50%, «Қазгермұнай «БК» ЖШС (БК) ҚММ) – 50%, PetroK»zakhstan Inc. (ПКИ) – 33%, «Қаражанбасмұнай» АҚ (КБМ) – 50%, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (КОА) – 50%, «Орал Ойл энд Газ» ЖШС (УОГ) – 50%, «Теңізшевройл» ЖШС (Теңіз) – 20%, Қарашығанақ[13] – 10%, Қашаған[14] – 16,88%.
- **Тасымалдау:** «ҚазТрансОйл» АҚ – 90%, «Батум мұнай терминалы» ЖШС – 100%, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС (ҚҚТ) – 50%, «МұнайТас «СЗТК» ЖШС – 51%, Каспий Құбыр Консорциумы[15] (ККҚ) – 20,75%, «Қазақтеңізкөлікфлоты «ҰТКҚК» ЖШС (ҚТКФ) – 100%.
- **Өңдеу және басқалары:** «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС (ПМХЗ) – 100%, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (АМӨЗ) – 99,53%, KMG International N.V. – 100%, Петромидия – 54,62%, Вега – 54,62%, «KMG PetroChem» ЖШС – 100%, «ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС (ПКОП) – 49,72%, «CASPI BITUM» БК» ЖШС – 50%, «KC Energy Group» ЖШС – 49%, «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (KPI) – 49,5%, «Силлено» ЖШС – 40%.

## Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша:

Телефон: +7 7172 78 64 34
E-mail: ir@kmg.kz

## Жауапкершілік туралы

Бұл құжат «болжамды мәлімдемелер» болып табылатын немесе солай қарастырылуы мүмкін мәлімдемелерді қамтиды. Бұл болжамды мәлімдемелерді «сенімді», «бағалайды», «күтеді», «болжайды», «ниеттенеді», «мүмкін», «мақсат тұтады», «болады» немесе «тиіс» терминдерін немесе әр жағдайда олардың теріс немесе басқа нұсқаларын немесе ұқсас терминологияны қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, болжамды терминологияны пайдалану арқылы анықтауға болады, немесе стратегияны, жоспарларды, міндеттерді, болашақ оқиғаларды немесе ниеттерді талқылау арқылы. Бұл болжамды мәлімдемелерге тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәселелер кіреді. Оларға, басқалармен қатар, Компанияның қызмет нәтижелеріне, қаржылық жағдайына, өтімділігіне, перспективаларына, өсуіне, стратегияларына және Компания жұмыс істейтін салаларға

[12] Dunga Operating GmbH-Дунг жобасындағы 60% үлеске ие шоғырландырылған еншілес кәсіпорын.
[13] «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС Қарашығанақ жобасында 10% үлесі бар 100% шоғырландырылған еншілес кәсіпорын болып табылады.
[14] «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЧКОО Қашаған жобасында 16,88% үлесі бар шоғырландырылған еншілес кәсіпорын болып табылады.
[15] 19% тікелей ҚМГ-ға тиесілі, 1,75% Қазақстан Пайплайн Венчурс КОО арқылы.

қатысты «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (Компания) ниеттері, сенімдері және ағымдағы күтулері туралы мәлімдемелер кіреді. Өз табиғаты бойынша болжамды мәлімдемелер тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты, себебі олар орын алуы немесе орын алмауы мүмкін болашақ оқиғалар мен мән-жайларға қатысты.

Болжамды мәлімдемелер болашақ нәтижелердің кепілі болып табылмайды және Компанияның қызметінің нақты нәтижелері, қаржылық жағдайы мен өтімділігі, сондай-ақ Компания жұмыс істейтін ел мен салалардың дамуы осы құжатта қамтылған болжамды мәлімдемелерде сипатталғаннан немесе ұсынылғаннан елеулі түрде ерекшеленуі мүмкін. Компания жаңа ақпараттың, болашақ оқиғалардың нәтижесінде немесе басқаша түрде осы құжатта баяндалған кез келген болжамды мәлімдемелерді немесе салалық ақпаратты жаңартуға немесе қайта қарауға ниеттенбейді және ешқандай міндеттеме алмайды. Компания осындай болжамды мәлімдемелермен күтілетін нәтижелерге қол жеткізілетініне қатысты ешқандай мәлімдеме, кепілдік немесе болжам жасамайды.

Бұл құжатты сатуға арналған ұсыныс немесе шақыру немесе қандай да бір бағалы қағаздарға жазылуға немесе оларды сатып алуға арналған кез келген ұсынысқа шақыру болып табылмайды және ондағы ешнәрсе қандай да бір келісімшарт, міндеттеме немесе инвестициялық шешім үшін негіз бола алмайды. Бұл құжат қандай да бір бағалы қағаздарға қатысты ұсыныс құжаты болып табылмайды. Ешқандай мақсатта осы құжатта қамтылған ақпаратқа немесе оның толықтығына, дәлдігіне немесе сенімділігіне сүйенуге болмайды. Осы құжатта қамтылған ақпараттың немесе пікірлердің немесе ұсынылған кез келген басқа ақпараттың әділдігіне, дәлдігіне, барабарлығына, толықтығына немесе дұрыстығына қатысты тікелей немесе жанама түрде ешқандай мәлімдеме немесе кепілдік берілмейді және оларға сүйенбеу керек.

## Мазмұны

Негізгі корпоративтік оқиғалар
Қаржылық нәтижелер
Өндірістік нәтижелер
Негізгі тәуекелдер
Жауапкершілік туралы мәлімдеме
Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеп
Жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есеп
Қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есеп
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есеп
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық шоғырландырылған есеп

## 2025 жылдың басынан бергі басты корпоративтік оқиғалар:

- 2025 жылғы 24 қаңтарда «Теңізшевройл» ЖШС Болашақ кеңейту жобасын іске асырудағы маңызды кезеңді аяқтап, Теңіз кен орнындағы үшінші буын зауытында шикі мұнай өндіруді бастады.
- 2025 жылы 8 қаңтарда «Ембімұнайгаз» АҚ Атырау облысындағы Тайсойған учаскесінде алғашқы іздеу ұңғымасын бұрғылауды бастады.
- 2025 жылғы 10 ақпанда ҚМГ-ге Carbon Disclosure Project халықаралық рейтингінде 2023 жыл қорытындысы бойынша «B» рейтингі берілді. Бұған дейінгі баға деңгейі «С» болған.
- 2025 жылғы 7 наурызда ҚМГ Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен Маңғыстау облысында орналасқан «Болашақ» жер қойнауы учаскесінде күрделі жобаны барлау және игеру туралы келісімшартқа қол қойды.
- 2025 жылғы 11 наурызда «CASPI BITUM» БК» ЖШС-де мұнай өңдеу қуатын жылына 1,5 млн тоннаға дейін ұлғайтуды көздейтін жаңғырту жобасын іске асырудың соңғы кезеңі басталды. Бұл кезеңге Т-1102 вакуум колоннасын монтаждау кіреді.
- 2025 жылғы 17 наурызда Компания мен «СИБУР Холдинг» ЖАҚ «Полимер Продакшн» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 60% үлесті сату-сатып алу шартына қол қойды.
- 2025 жылғы 7 сәуірде «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС, LanzaJet, Inc. және «KazFoodProducts» ЖШС экологиялық Sustainable Aviation Fuel (SAF) авиациялық отын өндіретін зауыт құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу жөніндегі келісімге қол қойды.
- 2025 жылғы 30 сәуірде ҚМГ және CNOOC стратегиялық серіктестігі және «Жылыой» жер қойнауын пайдалану жобасын бірлесіп іске асыру шарттарын бекітетін бірлескен қызмет туралы келісімге және қаржыландыру туралы келісімге қол қойды. 2025 жылғы 24 маусымда Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, ҚМГ және CNOOC HONG KONG Holding Limited компаниясы Қазақстан Республикасының Атырау облысында және ішінара Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан «Жылыой» жер қойнауы учаскесінде күрделі жобаны жүзеге асыруға арналған көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі Келісімшартқа қол қойды.
- 2025 жылғы 29 мамырда өткен жылдық Жалпы акционерлер жиналысының қорытындысы бойынша, акционерлер Компанияның дивидендтік саясатына, Директорлар кеңесінің ұсынымына және 2024 жылғы аудиторлық қаржылық нәтижелерге сүйене отырып, қарапайым акцияға шаққандағы дивиденд мөлшерін 491,71 теңге деңгейінде бекітті. Бұл дивиденд 2024 жылғы пайда есебінен төленеді. 25 маусымдағы жағдай бойынша ҚМГ 2024 жылға дивиденд төлеуді жалпы сомасы 300 млрд теңге көлемінде аяқтады.
- 2025 жылғы 16 маусымда ҚМГ және SINOPEC «Березовский» барлау жобасы бойынша бірлескен қызмет және қаржыландыру туралы келісімдерге қол қойды.
- 2025 жылғы 27 маусымда халықаралық рейтингтік агенттік S&P Global Ratings ҚМГ-нің кредиттік рейтингін «BBB-» деңгейіне көтерді. Бұл Компанияның жеке кредиттік қабілеттілігінің және қаржылық тұрақтылығының жақсаруы нәтижесінде мүмкін болды. Болжам – «тұрақты».

## Қаржылық нәтижелер

### Түсім

Компанияның 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы түсімі 4 500 млрд теңгені (8 789 млн АҚШ долларын) құрап, 2024 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 6,2% жоғары болды. Түсімнің өсуі KMG International компаниясындағы және «ҚМГ» Корпоративтік орталығы деңгейіндегі мұнай өнімдерін сатудан түскен түсімнің артуымен байланысты. Есепті кезеңде KMG International зауыттарындағы өңдеу көлемі тұрақты жұмысқа байланысты ұлғайды, ал 2024 жылдың бірінші тоқсанында бұл көрсеткіш жеңіл гидрокрекинг қондырғысының кешігіп іске қосылуына және мұнай өңдеу зауытында жүргізілген күрделі жөндеуге байланысты шектелген болатын. Бұл өсім, сондай-ақ теңгенің АҚШ долларына қатысты жылдық әлсіреуі, мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуінің және өндірілген мұнайдағы газ факторының жоғарылауына байланысты «ҚМГ Қашаған Б.В.» бірлескен кәсіпорнында мұнай өндіру көлемінің азаюының теріс әсерін өтеді.

### Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасына қатысу үлесі 30,0% өсіп, 349 млрд теңгені (681 млн АҚШ долларын) құрады. Өсім негізінен «Теңізшевройл» ЖШС-дегі үлестің артуымен байланысты – Болашақ кеңейту жобасы аясында үшінші буын зауытында өндірістің басталуына (2025 жылғы қаңтар) орай түсімнің өсуінен. Сондай-ақ «ПКОП» ЖШС-де – көмірсутек шикізатын қайта өңдеу көлемінің ұлғаюы, есепті кезеңде жөндеу жұмыстарының болмауы және теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамының өзгеруі есебінен. Каспий құбыр консорциумында да – Теңіз кен орнынан мұнай тасымалдау көлемінің артуы және теңге бағамының АҚШ долларына өзгеруі нәтижесінде үлес өсті.

### EBITDA

EBITDA көрсеткіші 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 1 142 млрд теңгені (2 230 млн АҚШ долларын) құрап, 16,1% артты. Өсім мұнай мен газды барлау және өндіру, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және өткізу сегменттеріндегі, Корпоративтік орталық деңгейіндегі, сондай-ақ «Басқа» сегментіндегі түсімнің ұлғаюымен және барлық сегменттер бойынша бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың пайдасындағы үлестің өсуімен байланысты.

### EBITDA түзетілген көрсеткіші

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлестің орнына бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд мөлшерін көрсететін EBITDA түзетілген көрсеткіші 23,7% артып, 1 267 млрд теңгеге (2 475 млн АҚШ доллары) жетті.

### Таза пайда

Компанияның таза пайдасы 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,8% төмендеп, 534 млрд теңгені (1 044 млн АҚШ долларын) құрады. Таза пайданың төмендеуі мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуімен, амортизациялық шығындардың өсуімен, өзге қаржылық кірістің азаюымен, еншілес ұйымды шығарудан түскен кірістің төмендеуімен, сондай-ақ

теріс бағамдық айырмамен байланысты[16]. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында ҚМГ «Татнефть» ЖАҚ-пен «Karaton Operating Ltd.» бірлескен кәсіпорнындағы 50% үлесін сату бойынша мәмілені аяқтап, нәтижесінде еншілес ұйымды шығарудан 16 млрд теңге (37 млн АҚШ доллары) мөлшерінде кіріс алды. 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында Компания «СИБУР Холдинг» ЖАҚ-пен жасалған мәміле аясында «Полимер Продакшн» ЖШС-дегі 60% үлесін жүзеге асырып, еншілес ұйымды шығарудан 3 млрд теңге (6 млн АҚШ доллары) мөлшерінде кіріс көрсетті.

**Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы үлеске түзетілген таза пайда**

Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы және қауымдасқан компаниялардағы үлеске түзетілген таза пайда 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы 591 млрд теңгеден (1 316 млн АҚШ доллары) 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 660 млрд теңгеге (1 289 млн АҚШ доллары), яғни 11,7% артты.

**Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және өзге де материалдардың өзіндік құны**

Сатып алынған мұнай, газ, мұнай өнімдері және басқа да материалдардың өзіндік құны 3,7% өсіп, 2 427 млрд теңгені (4 739 млн АҚШ доллары) құрады. Бұл негізінен KMG International компаниясындағы өңдеуге арналған мұнай құнының өсуімен байланысты.

**Операциялық шығындар**

Өндірістік шығындар 18,7% өсіп, 759 млрд теңгені (1 482 млн АҚШ доллары) құрады. Бұл негізінен KMG International мен «KMG Systems & Services» ЖШС-дегі жөндеу және қызмет көрсету шығынының өсуімен, электр энергиясына жұмсалатын шығындардың ұлғаюымен, сондай-ақ Компанияның қызмет ететін өңірлеріндегі өндірістік персоналдың еңбекақысына төленетін шығындардың артуымен байланысты.

Есепті кезеңде тасымалдау және өткізу шығындары 146 млрд теңгені (285 млн АҚШ доллары) құрап, 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10,7% жоғары болды. Бұл өсім негізінен «ҚМГ Қашаған Б.В.» бірлескен кәсіпорнындағы және KMG International компаниясындағы тиеу, тасымалдау және сақтау шығындарының артуына байланысты.

Жалпы және әкімшілік шығындар 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 14,9% төмендеп, 94 млрд теңгені (184 млн АҚШ долларын) құрады. Бұл негізінен, Корпоративтік орталық деңгейінде 2024 жылдың сәйкес кезеңіндегі сенімгерлік басқаруға байланысты шығындардың 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында болмауымен байланысты. Компания 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында «QazaqGaz» ҰК АҚ («Самұрық-Қазына» АҚ-ның еншілес ұйымы) пайдасына бірлескен кәсіпорын «ҚазРосГаз» ЖШС-індегі 50% үлесті сенімгерлік басқарғаны үшін 21 млрд теңге (47 млн АҚШ доллары) көлеміндегі жоспардан тыс шығынды өтеген еді.

Табыс салығынан басқа салықтар 282 млрд теңгені (551 млн АҚШ доллары) құрап, 6,8%-төмендеді. Бұл, негізінен, «Өзенмұнайгаз» АҚ бойынша пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық шығындарының азаюына және «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз»

---

[16] 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында Компанияда шетел валюталарының теңгеге қатысты бағамының тұрақсыздығына байланысты активтерді қайта бағалаудан 23 млрд теңге (44 млн АҚШ доллары) мөлшерінде теріс бағамдық айырма қалыптасты.

АҚ-дағы шикі мұнай экспортына салынатын ренталық салық шығындарының төмендеуіне байланысты.

**Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы**

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында негізгі құралдардың құнсыздану сомасы және барлау шығындары 19 млрд теңгені (38 млн АҚШ доллары) құрады. Құнсызданудың негізгі факторы Жаңаөзен қаласында теңіз суын тұщыту зауыты мен оған тиесілі инфрақұрылымды[17] салуға жұмсалған 21 млрд теңге (40 млн АҚШ доллары) көлеміндегі шығынды құнсыздану ретінде тану болды.

**Күрделі шығындар**

Есептеу әдісі бойынша капиталдық шығындар 259 млрд теңгені (506 млн АҚШ долларын) құрап, 8,0% төмендеді. Бұл, негізінен, «Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу» сегментіндегі капиталдық шығындардың қысқаруымен байланысты, ол өз кезегінде 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында KMG International зауытында жүргізілген күрделі жөндеумен түсіндіріледі. Сондай-ақ төмендеу «Мұнай мен газды барлау және өндіру» сегментіндегі капиталдық шығындармен байланысты, бұл Dunga Operating GmbH, «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК, «KMG Barlau» ЖШС сияқты компаниялардың инвестициялық жобаларын іске асырудың жекелеген кезеңдерінің аяқталуына қатысты.

Ақша ағындары тұрғысынан капиталдық шығындар 262 млрд теңгені (512 млн АҚШ доллары) құрап, 2,7% төмендеді. Бұл негізінен KMG International, «KMG Barlau» ЖШС, Dunga Operating GmbH және Корпоративтік орталық деңгейіндегі капиталдық шығындардың азаюына байланысты.

**Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер**

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардан алынған дивидендтер 53,2% өсіп, 474 млрд теңгені (926 млн АҚШ доллары) құрады. Бұл көрсеткіш 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында 310 млрд теңгені (689 млн АҚШ доллары) құраған болатын. Өсімнің негізгі драйверлері – «Теңізшевройл» ЖШС-нен алынған дивидендтердің 160 млрд теңгеден (356 млн АҚШ доллары) 328 млрд теңгеге (641 млн АҚШ доллары) дейін өсуі, Каспий Құбыр Консорциумы жобасы бойынша дивидендтердің 91,2% артып, 81 млрд теңгені (158 млн АҚШ доллары) құрауы («Каспий Құбыр Консорциумы–Р» АҚ-нан дивидендтер төлеу нәтижесінде), сондай-ақ Petrokazakhstan Inc., «Бірлескен кәсіпорын «Қазгермұнай» ЖШС және «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС-нен алынған дивидендтердің артуы.

**Бос ақша ағымы**

Бос ақша ағымы 2024 жылдың ұқсас кезеңмен салыстырғанда 12,9% артып, 682 млрд теңгеге (1 331 млн АҚШ доллары) жетті. Көрсеткіштің өсуі операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындарының, соның ішінде бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған

[17] Маңғыстау облысының 2021–2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары аясында, Жаңаөзен қаласы халқын ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында, 2023 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның еншілес ұйымы – «Ak Su KMG» ЖШС Жаңаөзен қаласында теңіз суын тұщыту зауыты мен оның инфрақұрылымының құрылысын бастады. ҚМГ бұл нысанның өтелетін құнын нөлге тең деп есептейді және тиісінше 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша, 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде аталған құрылысты жүргізуге жұмсалған шығындарды құнсызданған деп таныды.

компаниялардан алынған дивидендтердің артуымен, сондай-ақ капиталдық шығындардың төмендеуімен байланысты.

## Қарызды басқару

*Борыштық жүктеменің көрсеткіштері*

| Көрсеткіштің атауы | Өлшем бірлігі | 2025 жылғы 30 маусым | 2024 жылғы 31 желтоқсан | % |
|---|---|---|---|---|
| Облигация | млрд теңге | 3 265 | 3 288 | -0,7% |
| Қарыз | млрд теңге | 628 | 679 | -7,6% |
| **Жалпы қарыз** | **млрд теңге** | **3 892** | **3 967** | **-1,9%** |

*Дөңгелектеу нәтижесінде сандар қосылмауы мүмкін.*

ҚМГ-нің жалпы қарызы негізінен АҚШ долларымен номинацияланған (2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 71%). Жалпы қарыз 3 892 млрд теңгені (7 490 млн АҚШ доллары) құрап, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 1,9% төмендеді. Бұл 2024 жылғы 31 желтоқсаннан 2025 жылғы 30 маусым аралығында теңгенің АҚШ доллар бағамына нығаюына және бұрын алынған қарыздардың өтелуіне байланысты.

## Таза қарыз

2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша таза қарыз 803 млрд теңгені (1 546 млн АҚШ доллары) құрап, 2024 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда теңгелік мәнде 30,9%, ал долларлық мәнде 30,2% төмендеді.

## Ақша қаражаты

*Депозит түрінде шоғырландырылған ақша қаражаты мен оның баламалары*

| Көрсеткіштің атауы | Өлшем бірлігі | 2025 жылғы 30 маусым | 2024 жылғы 31 желтоқсан | % |
|---|---|---|---|---|
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | млрд теңге | 1 801 | 1 216 | 48,0% |
| Ұзақ мерзімді депозиттер | млрд теңге | 74 | 74 | -0,3% |
| Қысқа мерзімді депозиттер | млрд теңге | 1 214 | 1 514 | -19,8% |
| **Ақша қаражаты, олардың баламалары және депозит түріндегі ақша қаражаты** | **млрд теңге** | **3 089** | **2 805** | **10,1%** |

*Дөңгелектеу нәтижесінде сандар қосылмауы мүмкін.*

Шоғырландырылған ақша қаражаты, олардың баламалары, соның ішінде 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша депозит түріндегі ақша қаражаты 2024 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 10,1% артып, 3 089 млрд теңгені құрады. Бұл көрсеткіш 2024 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда доллармен 11,3% ұлғайып, 5 945 млн АҚШ долларын құрады.

## Өндірістік нәтижелері

### Көмірсутек шикізатын өндіру

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында ҚМГ-ның мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 13 043 мың тоннаны (тәулігіне 549 мың баррель) құрап, 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы деңгейден 8,8% жоғары болды. Ілеспе және табиғи газды өндіру көлемі (қайта айдау көлеміне дейін) 18,3% өсіп, 5 726 млн м³ жетті.

| Мұнай мен конденсат өндіру, мың тонна | 2025 ж 6 айы (ҚМГ үлесіне) | 2024 ж 6 айы (ҚМГ үлесіне) | % |
|---|---|---|---|
| «Өзенмұнайгаз» АҚ | 2 528 | 2 510 | +0,7% |
| «Ембімұнайгаз» АҚ | 1 376 | 1 371 | +0,3% |
| «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ | 1 521 | 1 530 | -0,6% |
| Өзге операциялық активтер: | 1 636 | 1 620 | +1,0% |
| **Операциялық активтер бойынша барлығы** | **7 061** | **7 031** | **+0,4%** |
| Теңіз | 3 892 | 2 872 | +35,5% |
| Қашаған | 1 517 | 1 539 | -1,4% |
| Қарашығанақ | 573 | 547 | +4,6% |
| **Мегажобалар бойынша барлығы** | **5 982** | **4 958** | **+20,7%** |
| **Жиыны** | **13 043** | **11 989** | **+8,8%** |

*Операциялық активтердегі өндіру*

2025 жылдың бірінші жарты жылында «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да мұнай өндіру деңгейі өткен кезеңнің нәтижелеріне ұқсас. Сонымен бірге есепті кезеңнің қорытындысы бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да газ өндіру көлемі сәйкесінше 7,7% және 2,4% өскен. Жұмыс істеп тұрған активтерде газ өндіру көлемінің артуы газ факторы жоғары ұңғымаларды іске қосумен байланысты болды.

*Мегажобалардағы өндіру*

Теңіз кен орнында мұнай өндіру 35,5% ұлғайып, 3 892 мың тоннаны (тәулігіне 173 мың баррель) құрады. Ілеспе газ өндіру 39,7% өсіп, 2 217 млн м³ құрады. Өсім Болашақ кеңейту жобасы аясында Үшінші буын зауытында өндіру ісінің басталуымен (2025 жылдың қаңтары) байланысты.

Қашағанда мұнай өндіру көлемі 1 517 мың тоннаны (тәулігіне 67 мың баррель) құрап, 1,4% төмендеді. Бұның себебі – өндірілген мұнайдағы газ факторының жоғары болуы. Кен орнында 994 млн м³ газ өндірілді, бұл өткен кезеңдегі нәтижелерге ұқсас көрсеткіш.

Қарашығанақта мұнай мен конденсат өндіру 4,6% өсіп, 573 мың тоннаны (тәулігіне 25 мың баррель) құрады. Бұл көрсеткіштің өсуі Қарашығанақтың өндірістік нысандарындағы қабатқа қайта айдалатын шикі газ көлемінің артуына байланысты болды. Қабатқа қайта айдауға дейінгі газ өндіру көлемі 12,5% өсіп, 1 320 млн м³ құрады.

### Мұнай тасымалдау

Мұнайды магистраль және теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі 0,3%, яғни 41 616 мың тоннаға дейін азайды.

| Мұнай тасымалдау[1], мың тонна | 2025 ж 6 айы (100%) | 2025 ж 6 айы (ҚМГ үлесіне) | 2024 ж 6 айы (ҚМГ үлесіне) | % |
|---|---|---|---|---|
| «ҚазТрансОйл» АҚ | 22 268 | 22 268 | 22 265 | +0,0% |
| «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС | 9 609 | 4 804 | 4 563 | +5,3% |
| «МұнайТас» СБҚК» ЖШС[2] | 2 910 | 1 484 | 1 395 | +6,4% |
| Каспий құбыр консорциумы | 36 024 | 7 475 | 6 891 | +8,5% |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Құбыр желілері бойынша тасымалдау көлемінің жиыны** | **-** | **36 032** | **35 115** | **+2,6%** |
| Каспий теңізі | 982 | 982 | 1 098 | -10,6% |
| Ашық теңіздер[3] | 4 602 | 4 602 | 5 520 | -16,6% |
| **Теңіз арқылы тасымалдау көлемінің жиыны** | **-** | **5 584** | **6 618** | **-15,6%** |
| **Жиыны** | **-** | **41 616** | **41 733** | **-0,3%** |

[1] Мұнай көлемдерінің бір бөлігін екі немесе үш құбыр компаниялары тасымалдауы мүмкін және тиісінше осы көлемдер мұнайды тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде бір реттен артық ескеріледі.
[2] «МұнайТас» СБҚК» ЖШС үлестік әдіспен шоғырландырылатын бірлескен кәсіпорын, осыған байланысты тасымалдау көлемі 51% иелену үлесіне сәйкес көрсетілген.
[3] Ашық теңіздер – бұл Қара және Жерорта теңіздері.

Магистралды мұнай құбырлары арқылы мұнай тасымалдау көлемі 2,6% артып, 36 032 мың тоннаны құрады. Мұнай тасымалдау көлемінің өсуіне негізінен Теңіз кен орнынан Каспий құбыр консорциумы жүйесіне мұнай тапсыру көлемінің ұлғаюы, сондай-ақ қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарына жеткізу көлемінің артуы себеп болды.

Теңіз арқылы мұнай тасымалдау көлемі 15,6% азайып, 5 584 мың тоннаны құрады. Каспий теңізіндегі тасымал көлемінің төмендеуіне 2025 жылғы ақпан-сәуір аралығында Taraz және Liwa танкерлеріне инертті газ жүйесін кезекпен орнату үшін олардың жоспарлы жаңғыртуға шығарылуы, сондай-ақ үшінші тарап жүк жөнелтушілерінің шикі мұнай көлемін шектеулі жөнелтуі себеп болды.

Ашық теңіздерде тасымалдау көлемінің азаюы 2025 жылғы наурыздан бастап Каспий құбыр консорциумы тарапынан Афрамакс үлгісіндегі танкерлерге партиялар санын бөлу жоспарын қайта қарауымен байланысты болды.

**Жүк айналымы**

| Жүк айналымы, млн тонна*км | 2025 ж 6 айы (100%) | 2025 ж 6 айы (ҚМГ үлесіне) | 2024 ж 6 айы (ҚМГ үлесіне) | % |
|---|---|---|---|---|
| «ҚазТрансОйл» АҚ | 17 541 | 17 541 | 17 160 | +2,2% |
| «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС | 8 583 | 4 292 | 4 109 | +4,4% |
| «МұнайТас» СБҚК» ЖШС[2] | 1 244 | 635 | 570 | +11,4% |
| Каспий құбыр консорциумы | 49 160 | 10 201 | 8 860 | +15,1% |
| **Жиыны** | **-** | **32 668** | **30 700** | **+6,4%** |

Мұнай жүк айналымы 6,4% өсіп, 32 668 мың тоннаны құрады. Өсімге негізінен Теңіз кен орнынан ҚҚК жүйесіне мұнай тапсыру көлемінің ұлғаюы ықпал етті.

**Көмірсутек шикізатын сату**

ҚМГ өзі өндірген мұнай мен газ конденсатын сату көлемі 7,4% ұлғайып,13 021 мың тоннаны құрады, оның 66,2% экспортқа жөнелтілді.

Ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін ҚМГ өндірген мұнай мен газ конденсатын ішкі нарыққа жеткізу 4 404 мың тоннаны құрады, соның ішінде мұнайды өңдеу және мұнай өнімдерін сату үшін Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ), Павлодар мұнай-химия зауытына (ПМХЗ) және Шымкент мұнай өңдеу зауытына (ПҚОП) 2 742 мың тонна көлемінде операциялық активтердің («Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС және «Өріктау Оперейтинг» ЖШС) шикі мұнайы жеткізілген.

**Көмірсутек шикізатын өңдеу**

| Көмірсутек шикізатын өңдеу, мың тонна[1] | 2025 ж 6 айы (ҚМГ үлесіне) | 2024 ж 6 айы (ҚМГ үлесіне) | % |
|---|---|---|---|
| АМӨЗ | 2 888 | 2 911 | -0,8% |
| ПМХЗ | 2 876 | 2 722 | +5,7% |
| ПҚОП | 1 533 | 1 256 | +22,0% |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Caspi Bitum | 108 | 165 | -34,5% |
| **Қазақстан мұнай өңдеу зауыттары бойынша барлығы** | **7 405** | **7 054** | **+5,0%** |
| Петромидия | 2 789 | 1 731 | +61,1% |
| Вега | 181 | 117 | +53,8% |
| **KMG International мұнай өңдеу зауыттары бойынша барлығы** | **2 969** | **1 848** | **+60,7%** |
| **Жиыны** | **10 375** | **8 902** | **+16,5%** |

[1] ПҚОП және Caspi Bitum өңдеу көлемі 50% үлесінде,қалған зауыттарда – 100% көрсетілген.

Көмірсутек шикізатын өңдеудің жалпы көлемі 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 16,5%-ға өсіп, 10 375 мың тоннаны құрады:

- Қазақстан мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 5,0% артып, 7 405 мың тоннаны құрады. Көрсеткіштің өсуі 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында ПМХЗ-да өңдеу көлемінің ұлғаюына және ПҚОП-тың үздіксіз жұмыс істеуіне байланысты болды, ал 2024 жылдың осындай кезеңінде ПҚОП күрделі жөндеуден өтті. Caspi Bitum-де өңдеу көлемінің төмендеуіне зауыт қуатын жылына 1,5 млн тоннаға дейін кеңейту аясындағы құрылыс-монтаж жұмыстары себеп болды.
- Румыниядағы KMG International (Петромидия, Вега) зауыттарындағы өңдеу көлемі 60,7% өсті және 2 969 мың тоннаны құрады. Көрсеткіштің едәуір өсуіне есепті кезеңде кәсіпорындардың неғұрлым тұрақты операциялық қызметі ықпал етті. 2024 жылдың бірінші жарты жылында жеңіл гидрокрекинг қондырғысының кеш іске қосылуына және МӨЗ-де күрделі жөндеу жұмыстарына байланысты өңдеу шектеулі болды.

Қазақстандық және румындық зауыттарда мұнай өнімдерін өндіру көлемі 16,9% ұлғайып, 9 685 мың тоннаға жетті:

- Қазақстан мұнай өңдеу зауыттары 6 785 мың тонна мұнай өнімдерін өндірді, бұл 2024 жылғы бірінші жартыжылдығының көрсеткіштерімен салыстырғанда 4,9% жоғары. Басқа мұнай өнімдері көлемінің төмендеуіне Атырау мұнай өңдеу зауытының өндіріс қуаттарын мотор отындарын өндіруге көшіруі себеп болды.
- KMG International (Петромидия, Вега) зауыттары 59,5% артық, яғни 2 900 мың мұнай өнімдерін шығарды, бұның себебі – зауыттарда өңдеу көлемдері қалпына келді.

## Компанияның негізгі тәуекелдері

ҚМГ үнемі өзгеріп отыратын ішкі және сыртқы орта жағдайында қызметін жүзеге асырады. Жекелеген тәуекелдер уақыт өте келе трансформацияланып, олардың орын алу ықтималдығын және Компанияға ықтимал әсерін өзгертуі мүмкін. Компания стратегияны іске асыруға әсер етуі мүмкін негізгі тәуекелдер мен белгісіздіктерді жүйелі түрде басқарады, оларға мониторинг жүргізеді және тиісті ақпаратты ашады. Сонымен қатар ҚМГ үшін оның операциялық және қаржылық нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ерекше тәуекел факторлары бар.

**Мұнай бағасының жоғары құбылмалылығы**

Тарихи тұрғыдан алғанда, мұнайдың әлемдік бағасы айтарлықтай құбылмалылықпен ерекшеленеді және Компанияның бақылауынан толығымен тыс жаһандық сұраныс пен ұсыныс арақатынасының әсерінен қалыптасады.

Мұнай бағасының төмендеуі Компанияның қаржылық нәтижелері мен ақша ағындарына айтарлықтай кері әсер етуі мүмкін. Шикі мұнайды сату оның негізгі кіріс көзі болып табылады. Бағаның құлдырауы валюталық түсім мен бос ақша ағынының қысқаруына әкеліп, капиталдық шығындарды қаржыландыру мүмкіндіктерін шектеуі, өндірістік жоспарлар мен геологиялық барлау перспективаларына теріс әсер етуі, сондай-ақ Компанияның дивидендтерді төлеу әлеуетін төмендетуі мүмкін.

Компанияда мұнай бағасы төмендеген жағдайда 2025-2026 жылдарға арналған Дағдарысқа қарсы бағдарлама қабылданды. Ол баға шекті деңгейден төмендеген жағдайда салдарын барынша азайтуға бағытталған. ҚМГ нарық конъюнктурасына үнемі мониторинг жүргізеді және қажет болған жағдайда қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін шараларды бейімдейді.

**Экспортқа мұнай тасымалдау және сату көлемінің төмендеу тәуекелі**

Экспортқа арналған шикі мұнай негізінен халықаралық құбырлар арқылы, сондай-ақ аз дәрежеде басқа елдердің аумақтары арқылы теміржол және теңіз бағыттарымен тасымалданады. Компания мұнайды сыртқы нарықтарға тасымалдауды реттейтін Қазақстан мен басқа мемлекеттер арасындағы үкіметаралық келісімдерге, сондай-ақ осы елдердің аталған келісімдердің шарттарын сақтауына айтарлықтай тәуелді, бұл Компанияның бақылауынан тыс жағдай.

Экспорттық бағыттар мемлекеттердің келісімдерді сақтамауы, техникалық іркілістер, ластанулар, қауіпсіздіктің бұзылуы, дүлей апаттар, қоғамдық денсаулыққа төнетін қауіптер мен жаһандық пандемиялар немесе серіктестермен келіспеушіліктер салдарынан қысқартылған немесе жабылған жағдайда, бұл мұнай экспортына айтарлықтай және кері әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайлар, өз кезегінде, Компанияның қызметіне, перспективаларына, қаржылық жағдайына, ақша ағындары мен нәтижелеріне елеулі қолайсыз әсер етуі ықтимал.

**Сот, төрелік талқылаулар тәуекелі**

ҚМГ, көптеген ірі компаниялар сияқты, үшінші тараптар бастамашылық ететін сот, төрелік және реттеушілік талқылаулар, сондай-ақ өзге де тексерулер мен талап-арыздар тәуекеліне ұшырайды. Мұндай талқылаулар, соның ішінде, азаматтық, әкімшілік, экологиялық, еңбек және салық дауларына қатысты болуы мүмкін.

Компания олардың нәтижесін немесе түпкілікті салдарын алдын ала болжай алмайды. Даулардың Компанияның пайдасына шешілмеуі айыппұлдарды, өтемақыларды төлеуге немесе бітімгершілік келісімдерін жасасуға әкелуі мүмкін. Сақтандыру өтемі болмаған немесе сақтандыру төлемдері жеткіліксіз болған жағдайда, мұндай оқиғалар қызметке,

перспективаларға, қаржылық жағдайға, ақша ағындары мен қызмет нәтижелеріне қолайсыз әсер етуі ықтимал.

Негізгі тәуекел факторларының тізбесі, олардың сипаттамасы және ықтимал салдары, сондай-ақ тәуекелдерді азайту және тәуекелдерді басқару үшін қабылданатын шаралар Компанияның веб-сайтында (www.kmg.kz) орналастырылған ҚМГ акцияларын шығару проспектісінде және Компанияның 2024 жылғы жылдық есебінде ашып көрсетілген.

## Жауапкершілік туралы мәлімдеме

Қоғам Жарғысының 14-бабының 29-тармағына сәйкес Басқарма ҚМГ бағалы қағаздарының саудасы жүзеге асырылатын қор биржаларының ережелерінің талаптарын негізге ала отырып, ҚМГ жартыжылдық есебін бекітеді.

Басқарма құрамы және Басқарма құрамының әрбір мүшесі Жартыжылдық есеп пен есептілікті дайын- дау және келісу кезінде өз жауапкершілігін түсінетінін мәлімдейді және Жартыжылдық есеп пен есептілікті тұтастай алғанда, әділ, теңдестірілген және түсінікті деп есептейді, сондай-ақ акционерлерге Компанияның жағдайын, қызмет нәтижелерін, бизнес-моделін және стратегиясын бағалау үшін қажетті ақпаратты қамтиды.

Басқарма құрамының әрбір мүшесі өзінде бар ақпаратты негізге ала отырып, мыналарды растайды:

- Халықаралық қаржылық есептілік стандарт- тарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған қаржы есептілігі Компанияның активтері, міндеттемелері, қаржылық жағдайы, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері, Компанияның еншілес кәсіпорындарымен біріктірілген балансы туралы шынайы және сенімді ақпарат береді;
- есеп Компания мен оның еншілес кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметінің дамуы және көрсеткіштері мен қаржылық жай-күйі туралы сенімді деректерді, сондай-ақ олар тап болатын аса маңызды тәуекелдер мен белгісіздіктерді сипаттайды.

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы»**
**акционерлік қоғамы**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған
қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

*2025 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін*

## МАЗМҰНЫ

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолып тексеру нәтижелері бойынша есеп

**Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)**

Жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп ............................................................... 1-2
Қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп.......................................................... 3-4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп ...................................... 5-6
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп .................................................. 7-8
Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер (аудит жүргізілмеген) ........... 9-43

# Аралық Қысқартылған Шоғырландырылған Қаржылық Есептілікті шолып тексеру нәтижелері бойынша есеп

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Акционерлеріне, Директорлар кеңесі мен Басшыларына

**Кіріспе**

Біз «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ және оның еншілес ұйымдардың (бұдан әрі бірге – «Топ») 2025 жылғы 30 маусымдағы қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есепке, көрсетілген күнмен аяқталған үш және алты ай бойынша жиынтық кіріс туралы, белгіленген күнмен аяқталған алты ай бойынша ақша қаражатының қозғалысы және капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептерге, сондай-ақ тиісті түсіндірме ескертпелерге шолып тексеру жүргіздік. Басшылық осы аралық қысқартылған шоғырландырылған есептілікті «Аралық қаржылық есептілік» 34 Халықаралық қаржылық есептіліктің стандартына (IAS) сәйкес дайындалауына және дұрыс ұсынылуына жауапты. Біздің жауапкершілігіміз біздің жүргізген шолып тексеруінің негізінде осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы қорытынды қалыптастырудан тұрады.

**Шолып тексерудің көлемі**

Біз шолып тексеруді «Компанияның тәуелсіз аудиторы жүргізетін аралық қаржылық ақпаратының шолып тексеруі» 2410 Халықаралық шолып тексерулер стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолып тексеруі сауалнама алудан, ең алдымен, қаржылық және бухгалтерлік сұрақтарына жауапты қызметкерлерден, жәнеде сараптамалық және басқа да рәсімдерді қолданудан тұрады. Шолып тексеру көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиторлық тексеруден елеулі аз, сондықтан шолып тексеру бізге аудит кезінде айқындалатын барлық маңызды аспектілер белгілі болатындығына сенімділік алуға жағдай туғызбайды. Тиісінше, біз аудиторлық пікір білдірмейміз.

**Қорытынды**

Біздің жүргізген шолып тексеру нәтижесінде, осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің, барлық маңызды аспектілерінде, «Аралық қаржылық есептілік» 34 Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) сәйкес дұрыс ұсынылмаған деп санауға себеп болатын деректер анықталмады.

PricewaterhouseCoopers LLP

Бекітілді:

Азамат Конратбаев
Басқарушы директор
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 21 қазандағы №0000005 Бас мемлекеттік лицензиясы)

Қол қойылды:

Алмаз Садыков
Аудит партнер
(Аудитордың 2019 жылғы 8 ақпандағы №МФ-0000745 біліктілік куәлігі)

2025 жылғы 14 тамыз
